

**8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау  
(6D011300/8D01513 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін  
алу үшін ұсынылған Нургалиева Айман Калидуллаевнаның  
«Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді  
практикаға бағыттап оқытудың ғылыми- әдістемелік негіздері» тақырыбындағы  
диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары басшылыққа алумен сипатталады.</p> <p>Ғылым мен мемлекеттік бағдарламалардың даму бағыттарына сәйкес "Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог - студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері" тақырыбына диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында Білім Заңында адами капитал, бәсекеге қабілетті кадрлардың сапасын арттырудың маңыздылығы айқындалған.</p> <p>8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 – Биология) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беруде биология мамандығының студенттері педагогикалық практикаға қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Диссертация оның

			маңыздылығын толық ашты. Алынған нәтижелер ғылымға өзінің үлесін қосады. Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық <b>маңыздылығы ашылған</b> және осы арқылы ғылымға <b>елеулі үлесін қосады.</b>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Нургалиева Айман Калидуллаевнаның диссертациялық жұмысы өз бетінше жазудың <b>жоғары</b> деңгейіне ие. Диссертанттың жүргізген жұмыстары оның ғылыми көзқарасы қалыптасқандығы, зерттеу әдістерін меңгергендігі мен автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Кіріспеде докторант диссертациялық жұмыстың өзектілігін жақсы <b>негіздеген</b> . А.К. Нургалиева аталған зерттеудің Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесі үшін маңыздылығын ашып, педагогикалық практиканы студенттерді педагогикалық қызметке даярлаудың бір түрі ретінде жаңғырту қажеттігін көрсетті. Ол түлекті даярлау сапасын және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға баса назар аударды. Сондай-ақ, бұл мәселені педагогика ғылымында зерттеудің жеткіліксіздігі атап өтілді. Дәл осы фактор диссертацияны зерттеу тақырыбын таңдауға итермеледі.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Докторанттың диссертациялық жұмысына талдау жүргізу барысында зерттеудің мазмұны диссертацияның тақырыбын нақты <b>айқындайтынын</b> байқауға болады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері ішкі бірлік негізінде анықталған, диссертация тақырыбына <b>сәйкес келеді</b> , бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда <b>толық байланысқан</b>. Алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады: ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Докторант алған жаңа нәтижелер осы уақытқа дейін орындалған ғылыми жұмыстардың сараланған <b>сыни талдауымен расталды</b>.</p> <p>Автор «биолог студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі» ұсынылды. Бұл модельде болашақ биология пәні мұғалімдерін педагогикалық практика арқылы даярлаудың мақсаты мен міндеттерін ашады.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Докторант А.К.Нурғалиеваның зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Отандық және шетелдік ғалымдардың педагогикалық практикаға бағыттап оқытудың әдістемесін жетілдіруге қатысты жүргізген зерттеулері диссертацияда жеткілікті толық талданған. Зерттеу барысында докторант теориялық және практикалық жағынан маңызды болатын келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-биолог-студенттерді практикаға бағытталған оқытудың теориялық негіздері анықталды;</li> <li>-биолог-студенттердің педагогикалық тәжірибеге бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;</li> <li>-биолог-студенттерді педагогикалық практикаға дейін және сол кезеңде оқыту бойынша оңтайландырылған оқу-әдістемесі әзірленді;</li> <li>-биолог-студенттерді педагогикалық практикаға</li> </ul>

			дайындау әдістемесі анықталды және оқу процесінде пайдаланылды;
		5.2.Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста келтірілген қорытындылар <b>толығымен жаңа</b> . Диссертацияның сенімділік дәрежесі орындалған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың сипатымен дәлелденеді. Докторанттың жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.
		5.3.Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері (ұсынымдары) <b>толығымен жаңа және негізделген</b> болып табылады. Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар: -биолог-студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін студенттердің құзыретті, практикалық-бағытталған кәсіби дайындығы бар, педагогикалық практика бағыттап оқытудың сапасын арттыруды мектепте педагогикалық практикадан өту қызметінде қолдануға болады. - университет қабырғасында білім алу кезінде әрбір студенттің кәсіби дайындығын кешенді ұйымдастыруға және теориялық зерттеу, болашақ педагогтердің кәсіби дайындығын қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін олардың маңыздылығын тексеруге мүмкіндік береді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар теориялық және практикалық жағынан <b>негізделген</b> . Зерттеу жұмысында келтірілген қорытындылар мен ғылыми әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарында пайдалануға болады.

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылатын ережелер дәлелденген және негізделген.</p> <p>7.1.Барлық негізгі қағидаттар <b>дәлелденген</b></p> <p>7.2.<b>Жоқ</b></p> <p>7.3. <b>Ия жаңа</b></p> <p>7.4.<b>Қолдану деңгейі кең</b></p> <p>7.5. <b>Ия</b></p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2.Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3.Теориялық</p>	<p>А.К.Нургалиеваның зерттеу жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант алынған ғылыми қорытындыларды, нәтижелер мен ұсыныстарды негіздеуде белгілі бір әдістер мен тәсілдерді орынды қолданды. Әдістемені таңдаудың негіздемесі және оның сипаттамасы теориялық мәселелер бойынша диссертация жұмысында егжей-тегжейлі <b>нақты жазылған.</b></p> <p>Диссертациялық жұмыстың эксперименттік бөлімінде ұсынылған нәтижелер компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып алынды. Докторант зерттеу есептерін шешудің эмпирикалық әдістерін және зерттеу нәтижелерін өңдеу әдістерін қолданды.</p> <p>Теориялық тұжырымдар Абай</p>

		<p>қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің базаларында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен <b>дәлелденген.</b> Жүргізілген жұмыстар диссертацияның қосымшасында келтірілген оқу процесіне ендіру актілермен дәлелденеді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері оң динамиканы көрсетеді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны Scopus деректер базасында индекстелетін ғылыми журналда, (БҒСБК) ұсынған басылымдарда, алыс және жақын шетел басылымдарында, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар еңбектерінде жарыққа шыққан.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер білім беру саласындағы бірқатар нормативтік құжаттарда, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, сөздіктері бар анықтамаларда және нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелерде <b>расталған.</b></p>
		<p>8.5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті.</b> Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 125 әдебиетті құрайды.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1.Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p><b>Диссертацияның теориялық маңызы бар.</b> Докторант зерттелетін тақырып аясында теориялық-әдістемелік аспектілерді анықтау мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың педагогикалық, ғылыми-әдістемелік зерттеулеріне жан-жақты талдау жүргізе алды. Биолог-студенттерді практикаға бағытталған оқытудың ғылыми-теориялық рөлін анықтады және жүйелендірді және олардың мүмкіндіктері теориялық негізделген.</p>

		<p>9.2.Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының <b>практикалық маңыздылығы бар:</b> алынған нәтижелер болашақ биология мұғалімдерін даярлаудың өзекті мәселесін шешуге бағытталған. Докторанттың "Педагогикалық практиканы өткізуге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулық ("Биология" бейіні бойынша) оқу-әдістемелік нұсқаулық педагогикалық практиканы бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуге арналған.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Педагогикалық практиканы ұйымдастыру және жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Докторант педагогикалық эксперимент жүргізуді ұсынады. Тәжірибе басталар алдында да, практика кезінде де студенттерге арналған тренингтер. Сондай-ақ, 3 курс студенттеріне арналған 4 курс студенттеріне сараланған тапсырмалардың жаңа түрлері ұсынылады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен</p>	<p>Академиялық жазудың сапасы <b>жоғары.</b> Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

А.К.Нургалиеваның диссертациялық зерттеу жұмысында айтарлықтай ғылыми нәтижелер мен жаңалықтарға қол жеткізілгенімен, бірақ мынадай сын-ескертпе, ұсыныстарымызды атап өтуге орынды санаймын:

1. Биологиялық білімді қолдана отырып, студенттерге арналған педагогикалық тренингтерді биологиялық бағытта дайындау жүзеге асырылса.

2.Диссертацияның рәсімделуінде техникалық қателер кездеседі.

Мұндай кеткен кемшіліктер мен сын ескертпелерге қарамастан, А.К.Нургалиеваның диссертациялық зерттеу жұмысы жақсы ғылыми деңгейде сапалы жазылған деп бағалаймыз, бұл ізденушінің біліктілігі жоғары екеніне күмән келтірмейді. Жоғарыда көрсетілген

кемшіліктер мен ұсыныстар диссертациядағы жалпы нәтижелердің теориялық және практикалық ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Нурғалиева Айман Калидуллаевна 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған өзекті, дербес және аяқталған зерттеу болып табылады.

**Шешімі:** Нурғалиева Айман Калидуллаевнаға 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Ресми рецензент  
әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті  
Биология ғылымдарының докторы, профессор**



**С. Тулеуханов**

**РАСТАЙМЫН**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды  
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы  
**ЗАВЕРЯЮ**  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенов  
«18» 08 2022 ж.т.

